

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 19 сәуір N 604

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Мыналар қайта құру жолымен:

Білім және ғылым министрлігінің "Күләш Байсейітова атындағы республикалық музыкалық колледжі" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны - "Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме);

Білім және ғылым министрлігінің "Жетілуінде проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-практикалық орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны - "Жетілуінде проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және кәсіби еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-практикалық орталығы" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Мекеме) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 2000 жылға арналған республикалық бюджетте 31 "Дарынды балаларды мемлекеттік қолдау" бағдарламасының 36 "Күләш Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған республикалық мамандандырылған музыкалық орта мектеп-интернаты" кіші бағдарламасы бойынша және 44 "Арнайы білім бағдарламаларын жүзеге асыру" бағдарламасының 30 "Жетілуінде проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді әлеуметтік бейімдеу және еңбекпен оңалтудың республикалық ғылыми-практикалық орталығы" кіші бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде мекемелердің қаржыландырылуын белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) мекемелердің жарғыларын бекітсін;
- 2) мекемелердің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
4. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**
5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК